

## **"Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының бюджетпен өзара есеп айырысуы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 сәуір N 436

"Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының бюджетке төлем жөніндегі берешектерін азайту және қаржы жағдайын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Павлодар облысы әкімінің және "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" АҚ бойынша 1996 жылдың 1 наурызына жинақталған 976238 мың (тоғыз жүз жетпіс алты млн. екі жүз отыз сегіз мың) теңге республикалық бюджетке төлем бойынша берешегін осы зауыттың өз мұнайынан өндірілген мұнай өнімдерін беру жолымен өтеу туралы ұсынысы қабылдансын.

Павлодар облысының әкімі жергілікті бюджетке төлем жөніндегі осындай есептемелерді жүргізу мүмкіндігін қарасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша берешегі бар "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" АҚ арасындағы берешек есептемесін қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес (1-қосымша) жүргізсін.

Аталған сома Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің мекемелеріне 1996 жыл ішінде алынған мұнай өнімдері құнының мөлшерінде қаржыландыру есебіне есептелсін.

Берешек есептемесі республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде белгіленген соманы көрсете отырып жүргізілсін.

3. Аталған зауыттың республикалық бюджетке төлемдер бойынша берешегін өтеу есебіне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Шекара әскерлерінің мұқтажына арналған мұнай өнімдерін берудің "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" АҚ келісілген кестесі, бағасы мен көлемі бекітілсін (2-қосымша).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мұнай өнімдерін

беру кезеңінде оларды берудің бағасы, көлемі және кестесі сақталған жағдайда осы қаулының 1-тармағында көрсетілген төлемдердің уақыты өтіп кеткені үшін "Павлодар мұнай өңдеу зауыты" АҚ-на айыппұл санкцияларын қолданбау туралы ұсынысына келісім берілсін.

Жоғарыда аталған шарттар орындалмаған жағдайда салық заңдарында белгіленген тәртіппен айыппұл санкциялары қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 12 сәуірдегі  
N 436 қаулысына  
1-қосымша

"Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының  
1996 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан  
Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан  
Республикасының Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі  
жөніндегі мемлекеттік комитетінің мекемелері оларға  
мұнай өнімдерін беру есебіне есептемеге алған  
республикалық бюджетке төлем бойынша берешегі

---

N	Бюджетке төлем	Республикалық бюджетке
p/c	түрлері	берешек сомасы, мың теңге

---

1.	Қосылған құнға салық	547969
2.	Қосылған құнға уақытында төленбеген салыққа өсім	86412
3.	Акциздер	245288
4.	Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	94686
5.	Мүлікке салынатын салық	-
6.	Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы	1883

Жиыны: 976238

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 12 сәуірдегі  
N 436 қаулысына  
2-қосымша

"Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының  
1996 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Республикалық  
бюджетке салық төлемдері бойынша берешектерін өтеу  
есебіне 1996 жыл ішінде Қазақстан Республикасының  
Қарулы Күштері мен Шекара әскерлері мұқтажына арнап  
мұнай өнімдерін беру  
Кестесі

1. Беру мерзімдері

Автобензин:

2. саны, тонна

3. тонна үшін баға, теңге

Дизель отыны:

4. саны, тонна

5. тонна үшін баға, теңге

Авиаотын:

6. саны, тонна

7. тонна үшін баға, теңге

Мазут:

8. саны, тонна

9. тонна үшін баға, теңге

10. Барлық сома мың теңге

---

1		2		3		4		5		6		7		8		9		10
---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	---	--	----

---

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

Сәуір	215	13500	225	9584	1175	11000	206	4518	18912
мамыр	2685	13500	3000	9584	1175	11000	4600	4518	98710
маусым	2685	13500	3000	9584	1175	11000	4600	4518	98710
шілде	2685	13500	2700	9584	1175	11000		75052	
тамыз	2685	13500	2700	9584	1175	11000	4600	4518	95835
қыркүйек	2685	13500	2700	9584	1175	11000	4600	4518	95835
казан	4296	13500	4660	9584		6000	4518	129769	
қараша	4296	13500	4660	9584		6000	4518	129769	
желтоқсан	4296	13500	4660	9584		6000	4518	129796	
Жиыны	26528		28305	7050		36606		872361	

## 2. Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері

Сәуір

мамыр

маусым

шілде	537	13500	500	9584	1100	4518	17011
тамыз	537	13500	500	9584	1100	4518	17012
қыркүйек	537	13500	500	9584	1100	4518	17012
қазан	537	13500	500	9584	1100	4518	17012
қараша	537	13500	500	9584	1300	4518	17915
желтоқсан	537	13500	500	9584	1300	4518	17915
Жиыны	3222		3000		7000		103877

---

Барлығы 29750      31305                      43606      976238